

**"Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 288 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Қағидада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын алқалы атқарушы орган;

2) құқық белгілейтін құжаттар – солардың негізінде жылжымайтын мүлікке құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) туындайтын, өзгертін және (немесе) тоқтатылатын құжаттар;

3) объектіні пайдалануға қабылдау актісі – бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтерге сәйкес объект құрылысының аяқталғанын және объектінің пайдалануға толық дайындығын растайтын құжат;

4) сәйкестік туралы декларация – мердігер (бас мердігер) құрылысы аяқталған объектінің орындалған жұмыстарының бекітілген жобаға және мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтердің талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат.

Осы Қағидада пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Сыйға тарту шарты бойынша мүлік құқықтарын мемлекетке беру тәртібі";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мүлікті бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Ақша мен бағалы қағаздар бағалаушыны тартпай, номиналы бойынша бағаланады.

Егер айналыста:

1) "Бағалау туралы есептің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 501 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16900 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген нысан мен мазмұн бойынша мүлікті бағалау туралы есеп (бұдан әрі – бағалау туралы есеп);

2) "Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындылардың, сәйкестік туралы декларацияның нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 235 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15150 болып тіркелген) бұйрығына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестік туралы декларация;

3) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

4) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмелері;

5) объектіні пайдалануға қабылдау актісінің көшірмелері;

6) меншік иесінің мүлікті жергілікті атқарушы органға беру туралы сметамен айқындалған құн көрсетілетін шешімі;

7) инженерлік желілердің атқарушы геодезиялық түсірілімінің көшірмелері болса, мүлікті бағалау жүргізілмейді.";

15-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Ақша түріндегі мүлік бюджеттің кірісіне немесе Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына есепке жатқызылады. Шетел валютасы осы Қағиданың 7-тармағында көзделген шешім қабылданған күні не меншік иесінің болашақта мүлікке құқықты мемлекеттік меншікке өтеусіз беру уәдесін қамтитын сыйға тарту шартында белгіленген беру күні айқындалған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми валюта айырбастау бағамы бойынша тиісті бюджеттің кірісіне немесе Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына есепке жатқызылады."

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мүлікке құқықтарды болашақта сыйға тарту шарты бойынша мемлекетке беру тәртібінің ерекшеліктері".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК